

**МАГИСТРАТУРА ЖАҒДАЙЫНДА
ҒЫЛЫМИ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ
АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ**

Бекжанова Б. Ж.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің

PhD докторанты

<http://www.enu.kz>

Қазақстан Республикасы нарық жағдайындағы адам капиталын қажет ететін қоғамның жаңа сапасына енді. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беру саласына әсерін тигізбей қоймайды. Бұл мамандар дайындаудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру мен жүзеге асыруды талап етеді, оның мазмұны үнемі өзгеріске ұшырайтын әлеуметтік-экономикалық жағдайда тиімді әрекет етуге дайын болатын, шығармашыл, кәсіби ұшқыр, өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Осындай талаптарды кәсіби тұрғыда мамандарға акмеология қояды. Акмеологиялық әдіс-тәсілдер мәселелерін зерттеуге көптеген ғалымдар өз жұмыстарын арнады: кәсібилікке қол жеткізу (А.А.Бодалев, 1998; А.К. Маркова, 1996; А.А. Деркач, 2004); мемлекеттік қызметкерлердің гуманитарлық – технологиялық дамуы (А.С. Гусева, А.А. Деркач, 1997); оқытушының іс-әрекеті (Н.В. Кузмина, 1990), әскери еңбектің тиімділігі

(Л. Г. Лаптев, 1998), тренинг (А.П.Ситников, 1996); бейімдеу мектебінің мұғалімдері (Л. В. Антропова, 2004); акмеология: білім берудің жаңа сапасы (В. Н. Максимова, 2004); мұғалімнің құзырлылығын дамыту (О.А. Козырева, 2006) және т.б. Бірақ қазіргі таңда магистратура жағдайында ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындаудың акмеологиялық астарлары қарастырылмаған.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қазіргі жүйесіндегі акмеологиялық әдіс-тәсілдерді қарастыру шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға ықпал етеді, болашақ педагогтің кәсіби іс-әрекетінде жетістікке қол жеткізу үшін тұлғалық ресурстарын пайдалануға және анықтауға мүмкіндік береді.

Тұлғаны дамыту туралы акмеологиялық ойларды көптеген философтардың еңбектерінен байқауға болады. Мысалы, тұлғаныңшығармашылық әлеуетін өздігінен жүзеге асыру базистік акмеологиялық ұғымы Платонның ендірген «өзін-өзі жылжыту» ұғымымен мағыналық қатынаста байланысты. Ал «акмеология» ұғымын (грек тілінен аударғанда акме – шың) жас ерекшелік психологиясы бөлімін белгілеу үшін бірінші рет1928 жылы

Н.А. Рыбников енгізген. Осы термин 20-шы жылдары ақыл-ой және әлеуметтік ізденіс, эвриология (П.Энгельмейер), эргонология (В.Н.Мясищев), рефлексология (В.М.Бехтерев) ғылыми бағыттарының пайда болуы барысында айқындалды /1,2,3,340б/.

XX ғасырдың ортасында Б. Г. Ананьев акмеологияның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтады, ал 90-шы жылдары (А. А. Деркач және А. А. Бодалев) Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей мемлекеттік қызмет академиясында кәсіби іс-әрекет психологиясы және алғашқы акмеология кафедрасы ашылды. Екі жылдан кейін Санкт-Петербуркте «Акмеологиялық ғылымдар Академиясы» деп аталатын қоғамдық

ғылым мекеме құрылды. 1995 жылы Санкт-Петербургте акмеологиялық академия (А. М. Зимичева) ашылды, ал бүгінгі күні ол – Санкт-Петербург психология және акмеология институты.

Акмеологияның нысанына есею кезеңінде даму үстіндегі тұлға жатады. Кең мағынадағы пәні – бұл есейген тұлғаның дамуына ықпал ететін немесе кедергі болатын объективті және субъективті факторлар, өзінің кәсіби іс-әрекетіндегі, шығармашылығындағы, қатынастарындағы, дамуындағы нәтиженің ең жоғарғы деңгейіне қол жеткізе алатын жағдайлар, шарттар.

Гректер «акме» сөзімен адам өміріндегі есейген жастық кезеңді белгілейді, жастық шақтың осы кезеңінде адам өз қабілеттерінің жоғарғы шыңына жетеді, осы кезең адам күштерінің нығайып, қанат жайып, гүлденген кезі болып табылады /4,116/.

А.А. Деркачтың (2004) пікірінше, *акме* – бұл адамның көп қырлы жағдайы, оның өмірінің үлкен уақыт шеңберін қамтиды, кәсіби ретінде қаншалықты қалыптасқандығын көрсетеді /2/.

«Акмеология ғылым ретінде психология мен педагогикада жоқ ұғымдар жүйесін құрайды. Осы ұғымдарға келесілер жатады: есеюшілік, кәсіби іс-әрекет, шеберліктің шыңы, кәсібилік» /5/.

«Акмеология – бұл адам туралы ғылымдар жүйесіндегі ғылыми білімнің және адамның кәсібиліктің шыңына жетудің жаңа саласы»/6,1846/. «Акмеология – бұл адамның шығармашылық әлеуетінің шыңына қол жеткізудің заңдылықтарын, жолдарын, тәсілдерін, шарттарын және есею кезеңінде іс-әрекет барысында оның өзін-өзі жетілдіруінің амалдарын зерттейтін кіріктірілген ғылым» /7, 56/.

С.Д. Пожарский акмеологияның генезисін және өзіндік тәжірибесін талдау негізінде келесі әдіснамалық қағидаларды қарастырады /8/:

- шыңына жету қағидасы (акмеология жеке іс-әрекеттің кез келген түрлерінің шыңына жету заңдылықтарын зерттейді);
- біртұтастық қағидасы (акмеология ғылымның әртүрлі салаларынан алынған білімді жинақтайды);
- тарихилық қағидасы (акмеология әртүрлі тарихи кезеңдердегі акмеологиялықты айқындайды);
- жан-жақтылық қағидасы (акмеология іс-әрекеттің барлық салаларындағы оның әкмесін құрайтын шыңдарына жетуін зерделейді);
- дамытушылық қағидасы (акмеология адамның өзін-өзі дамыту үдерісін оның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруы ретінде зерделейді).

Мамандардың жоғары кәсібилігі және шығармашылық шеберлігі – ғаламдық дағдарыстық мәселелердің тиімді шешімінің факторы болып анықталатын адами ресурстардың ең маңыздысы. Осы әлеуметтік-мәдени мәнмәтінде акмеология ғылымы ерекше маңызға ие болды. Осы ғылым кәсіби іс-әрекет түрлерінің тиімді жүзеге асуының акме-формалары ретінде кәсіпбилік пен шығармашылық дамудың заңдылықтарын және технологияларын зерттейді.

Әдіснамалық тұрғыда акмеология іргелі-қолданбалы сипатта кешенді ғылым ретінде анықталады. Оның іргелілігі басқа ғылымдар саласымен зерттелінбейтін ақиқаттың заңдылықтарын танумен анықталады. Акмеологияның қолданбалы сипаты тәжірибеге бағдарланған акмеологиялық технологиялардың негізінде көрініс табады.

Дамудың қазіргі кезеңіндегі акмеологияның негізін салушы категорияларға келесілер жатады: кәсібилік, шеберлік, құзырлылық, шығармашылық, креативтілік, шығармашылық әлеует, кәсіби даму.

Педагогика ғылымы акмеологияның дамуында маңызды орын алатынын акмеология тарихы көрсетеді, өйткені «акмеологияның пән ретінде құрылуы педагогикалық акмеологияның пайда болуымен түсіндіріледі» /9,186/.

Басқаша айтқанда, В.Н. Максимованың пікірінше (2004), акмеология адам сапасы және өмір сапасы туралы ғылым. Алпедагогикалық акмеология – бұл педагог еңбегінде кәсібилік пен құзырлылыққа қол жеткізудің жолдары туралы ғылым. Бірақ осы анықтама көптеген зерттеушілердің көңілінен шықпады. Өйткені, педагогикалық акмеология «субъективті және объективті тұрғыда педагог еңбегіндегі кәсібилік пен құзырлылыққа қол жеткізудің жолдары туралы ғылым ретіндегі ғылымға қарағанда кең мағынада қарастырылады» /9,246/.

Осы анықтамаларды талдай отырып, «педагогикалық акмеологияға» келесі анықтама береміз: педагогикалық акмеология адамды тұлға, іс-әрекет субъектісі, индивид ретінде зерттеп, жалпы алғанда ақыл-ой әлеуеті қалыптасқан көпқырлы біртұтас адам ретінде оның жеке ерекшеліктерін анықтайды, адамның қол жеткізген нәтижелерін зерттеу негізінде оның әлеуетінің заңдылықтарын және жолдарын қарастырады. Осы педагогикалық акмеология білім сапасын арттыруда өте үлкен маңызға ие, болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығын жаңа моделін құруға жол ашады және адам капиталын дамыту мәселерін шешуге бағытталады.

Кәсібилік – акмеологияның мазмұны жағынан кең тараған категориясы. Б.А.Тұрғынбаеваның пікірінше, кәсібилік – еңбектің субъектісі ретіндегі адамның дамуының жоғары деңгейі. Егер «кемелдену» өмірдегі әрекеттің келесі кезеңіне дайындық болса, ал кәсібилік сол дайын болуды тиімді деңгейде жүзеге асыра алу деп атап көрсетеді /10,1066/. Оны шешімдер қабылдаумен байланысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға жеткілікті тәжірибенің, білім, білік және дағдылардың деңгейінен бейнелейтін мамандардың іскерлік және тұлғалық қасиеттерінің интегралды сипаты ретінде түсінеміз. Кәсіби құзырлы педагог – кәсіби білім мен біліктерді игерген; тек қана өз іс-әрекетін жобалауға қабілетті ғана емес, сонымен бірге білім беру үдерісінің кез-келген өзгерістеріне жауап беретін, педагогикалық үдерісті басқара білетін маман.

Н.В. Кузминаның (1990) пікірінше, педагог іс-әрекетінің кәсібилігі педагогтың оқушылардың мәселені өнімді шешуге дайындығын қалыптастыру өнерін меңгеруімен, өзінің оқу пәнінің көмегімен және өзінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқушы тұлғасын дамыту, келесі педагогикалық жүйеге табысты еруге дайындау біліктерін игеруімен сипатталады. Жалпы айтқанда, педагогтың кәсібилігі оның оқушыларды оқуға қалай үйретуді, қалай тәрбиелеуді білетіндігімен, оларды оқығандығының, білімділігінің, тәрбиелілігінің бір деңгейінен екінші деңгейіне тез және ұтымды тәсілдермен ауыстыра алуы.

«Акмеологиялық тұрғыда іс-әрекеттің кәсібилігі еңбек субъектісінің жоғары біліктілігі мен құзырлылығын бейнелейтін сапалық мінездемесі, оның қасиеттері, тиімді (шығармашылықты шешімдерге негізделген) кәсіби дағдылары мен біліктерінің әрқилылығы, белгілі бір іс-әрекетті жоғары және тұрақты өнімділікпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін келелі мәселелерді шешудің заманауи алгоритмдері мен тәсілдері; дамытуға тән сипаттамалар» /11,1456/.

Кәсіби құзырлылық – маманның АКМЕ жағдайға жету алдындағы кезеңі, жоғары деңгейінің көрсеткіші. Кәсіби құзырлылық акмеологиялық тұрғыдан – бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімдердің сипаттамасы ретінде қарастырылады.

«Кәсіби құзырлылықты» жеке тұлға нәтижелі кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілеттілігі мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын қамтамасыз ететін маңызды тұлғалық қасиеттерді бойына сіңіру негізінде іс-әрекеттің өнімді технологиялар кешенін игеру ретінде қарастыру ыңғайлы. Кәсіби құзырлылық жалпылаушы психологиялық және акмеологиялық категория болып табылады.

Креативтілік – ойлауда, сезінуде, қарым-қатынас жасауда, сондай-ақ іс-әрекеттің жеке түрлерінде, жеке тұлғаны немесе оның жеке жақтарын, іс-әрекет өнімдерін, оларды жасау үдерісін сипаттауда байқалуы мүмкін адамның шығармашылықты мүмкіндіктері (қабілеттері). «Креативтілік (П.Торренс) – мәселелерді, алынған білімдегі ақауларды немесе үйлесімсіздікті сезінудің байқалу үдерісі, осыларды анықтау, олардың шешімін іздестіру, болжам қою, оны тексеру, болжамды өзгерту және қайта тексеру, ең соңында мәселені шешу нәтижелерін түзу және хабарлау».

Сонымен бірге, креативтілікті дамыту жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру және оның тұлғалық, кәсіби шыңға жету (акме) үдерісінде маманның шығармашылықты жетілуге мүмкіндік жасайды. Креативті тұлғаны өзін-өзі жетілдірудің жоғары деңгейінде маманның шығармашылықты жетілуі барынша орнықтыланса, шығармашылықты жетілудің қайнар көзіне айналады/12/.

Шығармашылық әлеует - іс-әрекеттің ақыл-ой алғы шарты ретінде

(Д.Б. Богоявленская), әр адамда болатын интегралдық динамикалық тұлғалық құрылым ретіндегі дарын болып (А.И.Савенков), адамның тектік қасиеті, жаңалықты өнімділендіру қабілеттілігі ретінде (А.И. Санникова) анықталады. А.М. Матюшкиннің пікірі бойынша, шығармашылық әлеует адамның шығармашылыққа деген көзқарасын бейнелейтін тұлғалық қасиет. В.И. Андреев, Е.В.Бондаревская, Я.А. Пономарев, А.В. Хуторской шығармашылық әлеуеттің дамуына тұлғалық белсенділіктің ақыл-ой, субъектілік және т.б. түрлері ықпал етеді.

Педагогикалық шығармашылық өте күрделі феномен болып табылады. Педагог шығармашылығының жаңашылдығы мәні неде? В.А. Кан-Калик және Н.Д. Никандров педагогикалық шығармашылықты «адамның адамды күрделі түрлендіруі» ретінде қарастырады /13/.*Бұл ұғымның біржақты анықтамасы жоқ.* С.Л. Рубинштейн аталған ұғымды «қоғамдық маңызы бар жаңа материалдық және рухани құндылықтарды дүниеге алып келетін адам іс-әрекеті» ретінде сипаттайды /14/.

В.И. Андреев (1988) шығармашылықты адам іс-әрекетінің бір түрі ретінде анықтай отырып, оны біртұтас үдеріс ретінде сипаттайтын бірқатар белгілерді ұсынады /15/:

1. мәселелік жағдаятта немесе шығармашылық міндеттерде қайшылықтың болуы;
2. қоғам мен тұлғаның дамуына өз үлесін қосатын әлеуметтік және жеке маңыздылық пен қарқындылық;
3. шығармашылық үшін объективті алғышарттар (әлеуметтік, материалдық) мен жағдайлардың болуы;
4. шығармашылық үшін субъективті алғышарттардың (тұлғалық сапалардың — білім, біліктер, әсіресе оң мотивация, шығармашылық қабілеттер) болуы;
5. үдерістің немесе нәтиженің жаңалығы мен сонылығы.

Кәсіби даму –мамандықты меңгеру және кәсіби іс-әрекетті орындау барысында еңбек адамының психикасында және тұлғалық сапаларында қарқынды өзгерістердің пайда болу үдерісі оның тұлғалық қалыптасуымен тығыз байланысты.Акмеология кәсіби дамуды оңтайландыру жолдарын зерделейді, өзін-өзі барынша толық жүзеге асырудың, кәсібиліктің шыңына жетудің тәсілдерін белсендіре отырып адамды өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде ынталандырудың тәсілдерін жасайды/11,105-106б/.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасаған талдау нәтижелері магистратурада ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындау акмеологиясының астарларын зерттеу барысында төмендегідей әдіс-тәсілдерге сүйену қажеттілігін көрсетті:

- педагогикалық жүйенің барлық компоненттерін (магистранттарды оқытудың мақсаты, міндеттері, мазмұны, қағидасы, түрлері, әдістері) тығыз байланыста қарастыратын жүйелік әдіс-тәсілдер (В.В.Краевский, Г.П.Щедровицкий, Э.Г.Юдин және т.б.);

- акмеологиялық жүйенің жүйетүзуші факторы болашақ маманның тұлғасы, яғни өзінің жеке іс-әрекетімен және акмеологиялық технологиялардың көмегімен тікелей өзін-өзі дамыту және жетілдіру субъектісі болып саналады (Б.Г.Ананьев, А.А.Деркач, Н.В.Кузьмина, С.Л.Рубинштейн және т.б.);

- болашақ маманның құзырлылығын қалыптастыруды көздейтін және магистратураның білім беру ортасында мамандар даярлау сапасын анықтау тұрғысында базалық болып саналатын құзырлылықты әдіс-тәсілдер (И.А.Зимняя, Дж.Равен,

А.В. Хуторской және т.б.);

- іс-әрекетті тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың негізі, құралы және басты шарты ретінде қарастыратын; жеке тұлғаны қоршаған әлемді барынша тиімді түрлендіруші ретіндегі шығармашылықты еңбекке ұйымдастыруға бағыттайтын; іс-әрекет үдерісінде тұлғаны дамытудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін іс-әрекеттік тәсілдер (С. Л. Рубинштейн, А. Н. Леонтьев, А. В. Брушлинский және т.б.);

- адам мен мәдениеттің дамуын құндылықтар жүйесі ретінде және адамның өзін дамытуы, оның шығармашылықты тұлға және мәдениет субъектісі ретінде қалыптасуы ретінде қарастыратын мәдениеттанушылық әдіс-тәсілдер (В. Л. Слостенин,

Е. В. Бондаревская, Н. Д. Никандров және т.б.).

Осы әдіснамалық әдіс-тәсілдерге қатысты алғанда акмеологиялық әдіс-тәсілдер, бұл болашақ маманның барынша жоғары деңгейде кәсіби жетістікке жету, жоғары оқу орнынан кейін білім алу кезеңінде өзін-өзі толық жүзеге асыру бағыттарының қалыптасуын бағдарлайды (Н.А.Рыбников, Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев,Н.В.Кузьмина, А.А.Деркач,).

Қорыта айтқанда, магистратура жағдайында болашақ мамандарды дайындаудың акмеологиялық астарлары осы үдерісті акмеологиялық әдіс-тәсілдер тұрғысынан қарастыруды көздейді. Сонда оның негізгі категорияларының бірі ретіндегі болашақ мамандардың кәсіби құзырлылығы мен акмеологиялық құзырлығының арасындағы негізгі айырмашылықтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік туады.

Әдебиет

1. Энгельмейер П.К. Теория творчества. СПб. -1971. - 178 с.
2. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионализма Москва-Воронеж, 2004. -750 с.
3. Психология. Словарь / Под. Общ. Ред. А.В. Петровского, М. Г. Ярошевского. – 2-е изд., испр. И доп. – М.: Политиздат, 1990. – 494 с. –С.340
4. Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования. М., 2001 – С.11
5. ТарасоваВ.Н. Акмеология. Научная сессия. / Под редакцией Н.В. Кузьминой-Гаршиной, А.М. Зимичева. СПб.: СПбАА, 1997 – С.174
6. Кузьмина Н.В. Акмеология 2000. Методические и методологические проблемы. / Под редакцией Н.В. Кузьминой, А.М. Зимичева. СПб.: СПбАА, 2000 – С. 184
7. Хозяинов Г.И. Греческо-русский словарь. М; ГЛК Ю.А.Шичалина, 1991.С-5.
8. Пожарский С. Д. Синергетическая акмеология. Докторская диссертация. Санкт - Петербург, 2002.

9. Зазыкин В.Г., Смирнов Е.А. Психология и акмеология лидерства. – М.: Издательство «Элит», 2010. – 304 с. – С.145
10. Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика. Алматы:Алатау, 2011. – 179б.
11. Акмеологический словарь / Под общ. ред. А.А. Деркача. – М.: Изд-во РАГС, 2004. – 161 с.- С.47-48
12. Вишнякова Х.Ф. Креативная акмеология. Докторская диссертация. Москва 1996.
13. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество.М.: Педагогика, 1990.- 140с.
14. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. М.: Педагогика, 1986. -245 с.
15. Андреев В.И. Эвристика для творческого саморазвития. Казань -1994 -247 с.